ӨЗБЕКӘЛІ ЖӘНІБЕКОВ АТЫНДАҒЫ ОҢТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН ПЕДАГОГИКАЛЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ

КОММЕРЦИЯЛЫҚ ЕМЕС АКЦИОНЕРЛІК ҚОҒАМЫ

Zhanibekov UNIVERSITY 1937

НЕКОММЕРЧЕСКОЕ АКЦИОНЕРНОЕ ОБЩЕСТВО

ЮЖНО-КАЗАХСТАНСКИЙ ПЕДАГОГИЧЕСКИЙ УНИВЕРСИТЕТ ИМЕНИ ӨЗБЕКӘЛІ ЖӘНІБЕКОВ

**БҰЙРЫҚ** **ПРИКАЗ**

21 желтоқсан 2023ж. № 4/226

Шымкент қаласы город Шымкент

**Университет асханаларын жалға беру конкурсын өткізу, конкурс құжаттамасын бекіту және комиссиясын құру туралы**

Қазақстан Республикасының 2011 жылғы 11 наурыздағы «Мемлекеттік мүлік туралы» №413-IV Заңының 72 бабы, 1 тармағының, 1 тармақшасына және «Өзбекәлі Жәнібеков атындағы Оңтүстік Қазақстан педагогикалық университеті» Коммерциялық емес акционерлік қоғамының Жарғысына сәйкес, **БҰЙЫРАМЫН:**

1. Университет асханаларын жалға беру конкурс тәсілімен жүзеге асырылсын.
2. Конкурстық комиссия келесі құрамда бекітілсін:

1) Сугирбаева Гулжан Даулетбековна – Басқарма төрағасы-Ректор, конкурстық комиссия төрағасы;
2) Маханов Сабыр Кайракбаевич – Инфрақұрылымды дамыту департаментінің директоры - конкурстық комиссия мүшесі;
3) Жумашева Ботагоз Батыровна - Бас оқу ғимаратының коменданты, конкурстық комиссия мүшесі;
4) Мырзаева Гулайна Молдаханқызы - №2 оқу ғимаратының коменданты, конкурстық комиссия мүшесі;
5) Мырзабеков Еркинбек Улыкбекович- №4 оқу ғимаратының коменданты, конкурстық комиссия мүшесі;
6) Матеев Талгат Адильбекович - Мемлекеттік сатып алу бөлімі маманы, хатшы.

3. Конкурс комиссиясы «Өзбекәлі Жәнібеков атындағы Оңтүстік Қазақстан педагогикалық университеті» КеАҚ теңгеріміндегі келесі мүліктерді мүліктік жалға беру бойынша конкурстың талаптарын әзірлесін:

4. Шымкент қаласы, А.Байтұрсынов, 13 мекен-жайында орналасқан бас оқу ғимаратының жалпы алаңы – 91,1 шаршы метр, тұрғын емес бос жайды/асхана.

0000439

5. Шымкент қаласы, А.Байтұрсынов, 13 мекен-жайында орналасқан №2 оқу ғимаратының жалпы алаңы – 152,4 шаршы метр, тұрғын емес бос жайды/асхана.

6. Шымкент қаласы, А.Байтұрсынов, 63 мекен-жайында орналасқан №4 оқу ғимаратының жалпы алаңы – 77,8 шаршы метр, тұрғын емес бос жайды/асхана.

7. Конкурстық комиссия және конкурстық комиссия хатшысы өз қызметін іске асырады және олардың қызметіне басқалардың араласуына жол бермейді.

8. Конкурстық комиссия конкурс өткізу туралы асхана және тамақтандыру саласында тәжірибесі бар әлеуетті өнім берушілерге құжаттама сұранысы бойынша құжаттарды дайындап, құжатпен қамтамасыз етуге, сонымен қатар конкурс комиссиясының отырысын өткізуге қатысты қажетті ұйымдастыру іс-шараларын өткізу жүктелсін.

9. Осы бұйрық қол қойған күннен бастап өз күшіне енеді және орындалуын өз құзырымда қалдырамын.

**Басқарма төрағасы-Ректор** **Г.Д. Сугирбаева**